

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының
балалар мен жасөспірімдердің туризм және экология облыстық орталығы

«Бекітемін»
ОБЖТЖЭО-ның директоры
_____ Ғ.Бекқалиев

«Келісілді»
ОБЖТЖЭО-ы директорының
ОТЖ орынбасары
_____ А.Адилова

Әдістемелік кеңесте қаралған:
«_____» _____ 20__ ж.
№ _____ хаттама

**"Жас өлкетанушылар" туристік-өлкетанулық
үйірмесінің
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**
(12-14 жастағы ерекше білімді қажет ететін
білім алушылар үшін)
Бағдарлама жүзеге асырылатын мерзімі 1жыл
2020-2021 оқу жылы

Қосымша білім беру педагогы: Р.Альмуханова

Орал 2020

Бағдарламаның құрылымы:

- 1. Алғы сөз, күтілетін нәтиже 2- 4 бет**
- 2. Тақырыптық оқу жоспары 5 -6 бет**
- 3. Бағдарламаның мазмұны..... 6-15 бет**
- 4. Әдебиеттер тізімі 16 бет**

Алғы сөз

Қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік –педагогикалық басымдылық туризмге беріледі, қоршаған ортаны тану, физикалық дамуы, белсенді қозғалыс және жан-жақты психологиялық дамуға ықпалын тигізеді. Ерекше балалар жай балалар сияқты қиялшыл, белсенді сезімінде болады. Басқа балалар сияқты оларда туризммен, спортпен айналысуға құштарланады, Бірақ жігістікке жеткенде немесе жеңілісте сезімдері көңілдері қатты түседі. Бұл балалардың ашылмаған қабілеттері көп болады.

Бұл бағдарламаның мақсаты - туризмнің теориясымен практикасын ұштастыру. Негізі-туристік жорықтардың маршруттарын анықтау, туристік міндеттерін бөлу, жеке және топтық құралдар дайындау, туристік тұрмысты ұйымдастыру. Туристік шаралардағы негізгі байлау түрлері. Туристік жорықтарда тамақтану. Топография негіздері, картамен жұмыс жасауға байлау. Қауіпсіздік шараларын білу алғашқы дәрігерлік көмек көрсете білу.

Бағдарламаны құрастыруға Қазақстан Республикасының БІЛІМ ТУРАЛЫ Заңының (27.07.2007, №319-III, 01.01.16 ж) 37-бабы «Қосымша білім беру» нұсқауы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 525 бұйрығы ҚР өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздерінен (01.10. 2018 ж) , Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы (12.04.2017), «Ұлы даланың жеті қыры» (21.11.2018 ж) мақаласы басшылыққа алынды.

Бағдарламаның өзектілігі мүмкіндігі шектеулі оқушыларға әлеуметтік және психологиялық дамуына жағдай туғызады.

Бағдарламаның жаңашылдығы-білім бағдарламасы мүмкіндігі шектеулі оқушыларға дені сау және белсенді қозғалыс арқылы білім және біліктерін кеңейте отырып қоғамға бейімделу.

Бағдарламаның мақсаты-ерекше балаларға белсенді өмірге, қоғамға бейімделуге, қоршаған орта туралы түсінік қалыптастыру.

Оқыту мақсаты: туристік біліктіліктерін арттыру, өзін-өзі ұстауды үйрету отырып, қоғамға бейімдеу.

Тәрбие беру мақсаты:

Мүмкіндігі шектеулі балдарға өзінің денсаулығының ақаулығына шыдамды қарауға үйрету.

Даму мақсаты: ерекше балалардың белсенділігін арттыру.

Бағдарламаның міндеті:

- Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі өмірлік кеңістігін кеңейту;
- Балалармен туристік тұрмыс және дағдының игеру, біліктіліктерін арттыру;
- Еңбекқорлыққа бейімдеу;
- Белсенді өмірге бейімдеу;
- Салауатты өмір салтын қалыптастыруда туризмнің маңыздылығын арттыру.

Жас туристердің жас ерекшелігі 12-14 жас. Бағдарлама өлкетанулық білімін тереңдету үшін 6-7 сынып оқитын мектеп оқушыларына арналған, 144 сағат,

1 оқу жылына арналған. Үйірме сабағының ұзақтығы 2 академиялық сағат. Оқу бағдарламасының теория - 45, 55 - пайызы практикалық сабақтардан тұрады. Сонымен қатар қала ішіндегі және табиғаттағы қауіпсіздік ережелері негіздері, туризм және өлкетану негіздерін үйрету, музейге, театрға, мәдени орындарға экскурсия. Оқу жылының аяғында қортынды жорық ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже

Денің сау бала орта мектепті аяқтаған да болашақ мамандық иесі, жұмысын таңдап өз қалауымен өмір сүреді. Ал мүмкіндігі шектеулі көп балалар жұмыс істеуге, өзінің бос уақытын тиімді өткізуге қолы жетпейді. Сондықтан туризм бір сарынды өмірлерін танымды және қызықты өткізуге, туристік белсенділікке үйретеді. Үйірме қатысқан оқушылар бұрынғыдан қарағанда өзіне сенімді, өз бетімен жұмыстануға өмірге деген жарқын көзқарасы қалыптасады.

Білім алушылардың практикалық қызметінің нәтижесі жасөспірімдер мен жастардың экологиялық-өлкетанулық тәрбие деңгейімен, салауатты өмір салтымен, өз өлкесінің тарихымен танымал адамдары туралы терең мағлұмат жинау, туристік- спорттық шындалуымен, туристік тактикалық- техникалық шеберлігімен және күнделікті өмірдегі экологиялық салауатты, жан – жақты дамыған тұлға қалыптастыру.

Оқушылар білуі тиіс: ауыл шежіресін, жер-су аттарын, табиғи ерекшелігін тану, туристік құрал-жабдықтардың атауларын, не үшін қолдануын, қауіпсіздік ережесін білу, кіші Отаны туралы толық білу, өлке туралы іздестіру-зерттеу жұмысын жүргізу, мектеп музейін жәдігерлермен толықтыру. Бағдарлама тарих және география пәндерімен байланыста жасақталған.

- 1) белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуінен, өз Отанына қызмет етуге және оның мүддесін қорғауға дайын болуына;
- 2) туған өлкесінің табиғатын сақтауға және көркейтуге, қолынан келерлік еңбегімен оның экономикасын, экологиясын жақсартуға ұмтылуына;
- 3) өлкенің көрнекті өкілдерінің рухына, халықтардың тарихына, мәдениетіне және салт-дәстүріне құрметпен қарауынан көрініс табады.

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

- 1) іздеу-зерттеу жұмыстары кезінде алынған ақпаратты саралау, өңдеу, жинақтау, қолдану шеберлігі;
- 2) іс-әрекетті және зерттеуді жоспарлау, танып білу әдістерін меңгеру;
- 3) қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, білім беру ресурстарын, мұрағат деректерін қолдана білу, алынған ақпаратқа презентация жасау;
- 3) коммуникативтік қабілетті, көптілділікті дамыту және өздігінен, шағын не үлкен топтарда жұмыс жасау дағдыларын дамыту;
- 4) Туристік техника дағдыларын және физикалық дайындық деңгейлерін дамыту.

Тақырыптық оқу жоспары

№	Бөлімдер мен тақырыптар атауы	Жалпы сағат саны	Оның ішінде	
			Теориялық	практикалық
<i>I бөлім –Кіріспе</i>				
1	Үйірме жинақтау	8	8	
2	Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының негізгі идеясы.	2	2	
3	Өлкетану - туған өлке туралы ілім.	2	2	
4	Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.	4	4	
<i>II бөлім –«Тарихы терең туған өлкем»</i>				
5	Батыс Қазақстан облысының тарихы. Туған өлкенің жылнамасы.	4	4	
6	Туған өлкенің аңыз-әңгімелері	4	4	
7	Өңірдің тарихи тұлғалары:билер мен батырлар	4	4	
8	Жәдігерлер сыр шертеді (өлкетану музейіне саяхат)	4	4	
9	Топонимдер -өткен заманның куәгерлері (өлке тарихы атауларында)	4	4	
10	Бір ел -бір тағдыр (менің өлкемнің халқы)	6	6	
11	Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар:өлкенің ұлттық өнері.	6	6	
12	Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада	4	4	
13	Іздестіру-зерттеу жұмыстары. Шығармашылық тақырыптармен жұмыс.	4	4	
<i>III бөлім –Туризм және қоршаған орта</i>				
14	Отандық туризмнің даму тарихы	4	4	
15	Жас туристердің тәртіп ережесі	2	2	
16	Жеке жабдықтар және олардың күтімі. Туристің жеке гигиенасы	2	2	
17	Топтық жабдықтар және олардың күтімі. Туристік топтағы тамақтану.	4		4
18	Жіп байлау түрлері	4		4

19	Батыс Қазақстан облысының географиялық жағдайы, климаты.	4		4
20	Өлкенің флорасымен фаунасы (Қысқы жорық)	6		6
21	БҚО-ның экологиясы. Экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.	4	2	2
<i>IV бөлім - Топография негізі және бағдарлау түрлері</i>				
22	Топографиялық карта, топографиялық белгілер	4	2	2
23	Компас және оның құрлымы. Компаспен, картамен бағдарлау.	4		4
24	Жергілікті жерді бағдарлау. Спорттық бағдарлау.	4		4
25	Экскурсиялық бағдарлау туралы түсінік.	4		4
<i>V бөлім - Өлкетанулық зерттеулер</i>				
26	ҰОС-ғы жылдарындағы Батыс Қазақстан. Батыс Қазақстан-Сталинград майданының жақын тылы.	4	2	2
27	Батыс Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары.	8		8
28	Батыстың батыр қыздары.	2	2	
29	Тарихи ескерткіштерді оқып-тану. Қала көшелерінің тарихы. «Көне Орал» қала ішіне экскурсия.	4		4
<i>VI бөлім - Қорытындылау</i>				
30	Туған өлке маршруттары. Батыс Қазақстанның киелі орындары	4		4
31	Іздестіру-зерттеу жұмыстарының презентациясын ұсыну	4		4
32	Жорыққа дайындық жұмыстары. Қауіпсіздік шаралары.	8		8
33	Жорыққа шығу. Жорық есебін жазу. Үйірме жұмысын қорытындылау.	8		8
		144	70	74

I.Кіріспе

1. Үйірме жинақтау.

Оқушыларды үйірмеге тарту. Сауалнама жүргізу.

2. Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының негізгі идеясы.

Елбасының бұл мақаласында қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан. Бұл – мақала ғана емес, мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып отыр. Ол – Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту. Мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» қағидасын мықтап ұстануға шақырады: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – **ұлттық код**, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің **кертартпа тұстарынан бас тарту** керек». Мемлекет басшысы нұсқап отырған ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заман ағымына қарай оның сипаттарын өзгерту, **«білім культін» қалыптастыру**, мемлекет пен қоғамды революциялық емес, **эволюциялық жолмен дамыту**, ең бастысы, сананың ашықтығын, яғни әлемдік озық жаңалықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары ұлттың рухани-мәдени қалыбы болмақ. Әрі жаңа дәуір сынақтарын бәсекелік қабілеті ерекше ел ғана еңсере алады. Осы тұрғыда Елбасының мемлекет пен қоғам алдына қойып отырған нақты міндеттері рухани саладағы түбегейлі реформалардың бастауына айналарына күмән жоқ. Сондай-ақ, **«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»** жобасы жалпыұлттық қасиетті орындарды және аса қастерлі жерлерді сақтауға, әрі елдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру Қазақстанды өз шығармашылығы арқылы дүние жүзіне танытатын көптеген таланттарға жол ашады. Ендігі міндет – осы айтылғандарды іске асыру жолында аянбай еңбек ету, білім алу. Осы бағдарлама Қазақстанның киелі орындарына жорық пен экспедициялар ұйымдастыра отырып, өз туған жерінің тарихын танып білуге жол ашады. «Туған жер» бағдарламасы «рухани жаңғыру» бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады. Тұжырымдаманың негізгі бағыттары: өлкетану, туған жерді қолдау, ақпараттық қолдау. «Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде? Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, кологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті

деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді.

3. Өлкетану - туған өлке туралы ілім.

Өлкетану — белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін олардың таяу төңірегімен қоса зерттеу. Салалық өлкетану (тарихи, этнографиялық, топонимиялық және т.б.), табиғи және әлеуметтік құбылыстардың өзара байланысын зерттейтін кешендік географиялық өлкетану болып бөлінеді. Өлкетанудың негізгі әдісі - аумақ туралы ақпаратты, табиғи үлгілерді (геологиялық, топырақ, биологиялық, зоологиялық), материалдық мәдениет заттарын және т.б. деректерді жинау және жүйелеу

4. Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

Жас туристің ережелерімен танысу. Жас туристтердің ұраны: «Сеннен кейін бұрынғыдан да таза болуы қажет».

Туристтік міндеттер. Туристтік серуен, жорықтар кезіндегі қоғамдық тапсырмалар, өлкетанулық-танымдық және зерттеу жұмыстары. Жарыстарға, экскурсияларға әзірлік жұмыстары.

Туристтік шаралар және өлкетанулық шараларға қатысу. Жұмыс бөлісу тәртібі және міндеттері. Команда каптианы және команда мүшелерінің міндеттерін бөліп беру.

Оқу сыныбында және спорт залдағы, саябақтағы, ормандағы оқу-жаттығуды Туристтік құрал – саймандармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік, Маршруттағы қауіпсіздік, Көліктегі қауіпсіздік, Алау басында, отын дайындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Туристтік құрал – саймандармен жұмыс кезіндегі, жеке және командалық сақтандыру орындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

Топ жетекшісінің тапсырмасы мен бұйрығын қатаң орындау және тәртіп пен тазалықты сақтау қажет. Ауру түрі байқалған кезде жедел түрде текшіге баяндау керек. Саптан кетіп және қалып қоймау керек, қалып қойған жағдайда жедел жетекшіге баяндау керек. Танымайтын жемістерді, саңырау құқтарды, тамырларды тамаққа пайдаланбау керек. Суды белгісіз су қоймаларынан ішпеу керек және су ішу ережелерін қатаң сақтау керек. Алауды жетекшінің рұқсатынсыз жақпау және сөнбеген алауды тастап кетпеу керек, жанып тұрған шырпыны лақтырмау қажет. Жетекшінің рұқсатынсыз лагерь аймағынан кетіп қалмау керек. Төтенше жағдайлар жағдайларындағы қауіпсіздік іс-әрекеттері. Төтенше жағдайлар мекемелерінің телефонын білу.

II- «Тарихы терең туған өлкем»

5. Батыс Қазақстан облысының тарихы. Туған өлкенің жылнамасы.

БҚО-мәдени және тарихи дәстүрлерді тереңге тамыр жайған өлке. Облыс тарихын түрлі тарихи дереккөздерге сүйене отырып, бірнеше кезеңге бөліп қарастырамыз.

Батыс Қазақстан өңірі-қазақ елінің бір бөлігі. Олай болса оның тарихының бір құрамы екендігіне шек келтіруге болмайды. Ал, сол тарихқа сүбелі үлес қосатын да жалпы қазақтың бір құрамы Кіші жүз, соның ішінде Батыс Қазақстан аймағының жұрты болмақ. БҚО-ның ежелгі тарихы, Ноғай ордасы, Қазақ хандығы, БҚО Ресей империясы құрамында, Бөкей хандығы, БҚО кеңес өкіметін орнату және азамат соғысы, БҚО-ны Ұлы Отан соғысы жылдарында тақырыптарында тарихи мәліметтермен қысқаша оқушыларға мәлімет беру.

Батыс Қазақстан облысы — Қазақстан Республикасының солтүстік-батысындағы әкімшілік-аумақтық бөлік. Шығысында Ақтөбе, оңтүстігінде Атырау облыстарымен, батысында Ресейдің Астрахан, Волгоград, солтүстік-батысында Саратов, Самара, солтүстігінде Орынбор облыстарымен шектеседі. Облыс 1932 ж. 10 наурызда *Орал облысы* болып құрылған. 1996 жылдан Батыс Қазақстан облысы болып аталады. Жерінің аумағы 151,3 мың км², тұрғындары 624 мың адам (2014). Әкімшілік жағынан Батыс Қазақстан облысы 12 ауылдық, 2 қалалық әкімшілік ауданға, олар 4 кенттік және 155 ауылдық әкімшілік округтерге бөлінген. БҚО-ның географиялық жағдайымен, климатымен, гидрографиясымен, Жайық өзені, топырағы, өсімдігімен, жануарларымен қысқаша таныстыру. Өз беттерімен жұмыстануға тапсырмалар беру.

6. Туған өлкенің аңыз -әңгімелері.

Қазақ халқында "Аңыз түбі- ақиқат" деген даналық сөз бар. Әр өлкенің, әр өңірдің, әр ауылдың қариялары ұрпақтан -ұрпаққа жалғаған, жергілікті жерлердің тек өзіне ғана тән аңыз әңгімелерінің болуы-табиғи заңдылық.

Аңызға айналған Аққұм. "Қыз әулие" бұлағы. Сырым мен Нұралы хан т.б.

7. Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар мен палуандар.

Ұлттық қасиетіміз бен насымыздың оятқан, әлемге қазақтың танылуында, бостандық пен еркіндіктің бастауында қазақ халқы үшін әйгелі билеріміздің, батырларымыздың, балуандарымыздың орны ерекше болған. Әйтеке Байбекұлы, Төле би, Қазыбек билермен және жауынгер серіктері Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек сынды батырлармен бірге қазақ елінің, халық жасақтарында болып, ел намысын қорғады.

8. Жәдігерлер сыр шертеді (өлкетану музейіне экскурсия)

Облыстық өлкетану музейіне экскурсия ұйымдастыру.

9. Топонимдер -өткен заманның куәгерлері (өлке тарихы атауларында)

Топономика туралы түсінік. БҚО-ның топономикасы. Аудандар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу, материалдар жинақтау. **ТОПОНИМИКА** (грек. *Торос*-орын, жер және *ономо*. *онома*-ат, атау) — ономастиканың жер-су, елді мекен атауларының шығуы мен пайда болуын (этимологиясын), мағынасын, құрылымының дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, граммат., фонет. пішінін, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін құрамдас бөлігі. Топонимика география, тарих, тіл білімі, этнология ғылымдарының деректеріне сүйеніп, өзара байланыста дамиды. Кез келген аумақтың географиялық атауларының жиынтығы сол жердің топонимиясыш құрайды.

Оқушыларға мұрағаттан альфавит бойынша материалдар жинақтау. Кітапша шығару.

10. Бір ел -бір тағдыр (менің өлкемнің халқы)

БҚО өзінің терең тарихымен ғана емес, көпұлтты халқымен де ерекшеленеді. Облыс халқының басым көпшілігін қазақтар құрайды. Сонымен қатар өңірімізде 90-ға жуық ұлттың өкілдері тұрады. Батыс Қазақстан облысының халқы ассамблеясына экскурсия ұйымдастыру.

11.Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар:өлкенің ұлттық өнері.

Облыс аймағынан археологиялық қазба жұмыстары кезіндетабылған тұрмыстық бұйымдар мен зергерлік әшекейлер өңіріміздегі халықтық өнердің сонау сақ дәуірінен, Алтын Орда кезендерінен бастау алады.

12. Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада

Батыстың ақын жазушыларымен танысу, тақырыптармен жұмыстану (Қ.Мырзалиев, Х.Есенжанов, А.Бақтыгереева,Ж.Молдағалиев т.б.)

Қала кітапханаларына экскурсия (Х.Есенжанов, Ж. Молдағалиев т.б кітапханаларда жұмыстану)

13. Іздестіру-зерттеу жұмыстары. Шығармашылық тақырыптармен жұмыс.

Оқушыларға өлкеміздің танымал адамдары туралы іздестіру жұмыстарын бөліп беру.Зерттеу жұмысын жүргізуге үйрету.

III бөлім - Туризм және қоршаған орта

14. Отандық туризмнің даму тарихы

Туған өлкені зерттеуші саяхатшыларымен туристерімен танысу. Қазіргі таңдағы туризмнің даму қарқыны.

15. Жас туристердің тәртіп ережесі

Топ жетекшісінің тапсырмасы мен бұйрығын қатаң орындау және тәртіп пен тазалықты сақтау қажет. Ауру түрі байқалған кезде жедел түрде текшіге баяндау керек. Саптан кетіп және қалып қоймау керек, қалып қойған жағдайда жедел жетекшіге баяндау керек. Танымайтын жемістерді, саңырау құқтарды, тамырларды тамаққа пайдаланбау керек. Суды белгісіз су қоймаларынан ішпеу керек және су ішу ережелерін қатаң сақтау керек. Алауды жетекшінің рұқсатыңызсыз жақпау және сөнбеген алауды тастап кетпеу керек, жанып тұрған шырпыны лақтырмау қажет. Жетекшінің рұқсатыңызсыз лагерь аймағынан кетіп қалмау керек.

16. Жеке жабдықтар және олардың күтімі. Туристің жеке гигиенасы.

Туристтердің туристік жорыққа арналған, қыс мезгіліндегі жеке құрал жабдықтары. Киімге және аяқ киімдерге талаптар: спорттық костюм,куртеше, шалбар, жеңіл күртеше, бас киім, аяқ киім т,б. Жеке ыдыстар, гигиеналық заттар, туристік коврик, ұйқы қапшығы, жолқапшық, шаңғы, шаңғы таяқтары, шаңғы бәтенкесі, Арнайы жарыстарға арналған туристік құрал-жабдықтар : қолғаптар, бас киім, аяқ киім оның талаптары,

Жолқапшығын жинастыру, Экскурсия кзіндегі азық-түлікті сақтау және орналстыру. Термосты пайдалану. Табиғи жағдайларға байланысты (қыс және маусым аравсында)құралдарды таңдау. Жеке құралдарды күту және кептіру.

Практикалық сабақтар:

«Жолқапшығын дұрыс жинау» ойыны (заттарды дұрыс орналастыру және гигиеналық жағынан да үйлесімділігі). Жолда тамақтану азық-түліктерін дұрыс орналастыру. Іс шараларға топты жинақтау, қысқы мезгілдерде топтың дайындығын тексеру. Жеке құралдарды жөндеу (тазалау, кептіру).

17. Топтық жабдықтар және олардың күтімі. Туристік топтағы тамақтану.

Жеке және топтық құрал-жабдықтар: Жеке және топтық құрал-жабдықтарды жинақтап дайындау. Саяхат ауданына, жыл мезгіліне және ауа райына, жылыну кезінде, саяхаттың ұзақтығына байланысты топтық жарақтар және жолдорбрлар түрлері. Жорық төсеніштері, шатырлар және оларды құруға арналған қазықтармен қазықшылар. Ошақ шелек, ыдыстарды іліп қоятын қармақшалар. Жеке және топтық жарақтардың тізімін құру, бар жарақтармен танысу, шатыр қондыру, ошақ құру. Киімдермен аяқ киімдерді т.б. заттарды кептіру үшін жасалған қарапайым құралдарды өз бетімен әзірлеп жетілдіру.Туристік бивуак- жарық кезінде қауіпсіз,әдемі, құрғақ және үстірттеу жерге өзендерге мен бұлақтарға жақын орыналасады. Ең қолайлысы оны орманның шетіне, төмпешікке әдетте құрғақ желді жерге жасаған дұрыс себебі маса,және шіркейлер аз болады. Бивуак-бұл туристердемалатын, тамақ әзірлейтін түнеуге қолайлы аумақ. Бивуак-французтілінен аударғанда «қонатын жер» деген ұғымды білдіреді.

Жорықтағы тамақ дайындауға арналған негізгі азық-түліктер. Туристік топтың ас мәзірі. Кезекші аспаздар және олардың міндеттері.

18.Жіп байлау түрлері: булинь, брамшкоттық, түзу, академиялық, қазықбау, ұстасу, сегіздік т.б жіптердің байлануы мен қолданылуы.

19. Батыс Қазақстан облысының географиялық жағдайы,климаты.

Қазақстан Республикасының солтүстік-батысындағы әкімшілік-аумақтық бөлік. Шығысында Ақтөбе,оңтүстігінде Атырау облыстарымен, батысында Ресейдің Астрахан, Волгоград, солтүстік-батысында Саратов, Самара, солтүстігінде Орынбор облыстарымен шектеседі.Облыс 1932 ж. 10 наурызда *Орал облысы* болып құрылған. 1996 жылдан Батыс Қазақстан облысы болып аталады. Жерінің аумағы 151,3 мың км², тұрғындары 646 828 адам (2018). Әкімшілік жағынан Батыс Қазақстан облысы 12 ауылдық, 2 қалалық әкімшілік ауданға, олар 4 кенттік және 155 ауылдық әкімшілік округтерге бөлінген.

20. Өлкенің флорасымен фаунасы (Қысқы жорық).

Облыс аумағында сүтқоректілердің 70 түрі, құстардың 310 – ға жуық, рептилияның 19, қос мекенділердің 7, балықтардың 51, әр алуан омыртқасыздардың мыңдаған және дөңгелек ауыздылар мекендейді. Сүтқоректілерден өздерінің алуан түрлілігімен ерекшелінетін кеміргіштер де бар. Олардың ішінде әсіресе кішкентай сарышұнақ, кәдімгі сұртышқан, дала алақоржыны кеңінен таралған.

Облыстың солтүстік бөлігінде бетегелі дала өсімдіктері мен шөлейт белдемнің өсімдік түрі басым. Өзен жайылымдарында астық тұқымдасты шөп түрлері, кей

жерлерде қалың қамыс, құрақ өскен. Жайық аңғарында терек, емен, қайың, тал, Сырт және Орал үстіртінде, Елек өзені алабында шоқ қайың орманы көптеп кездеседі. Облыстың флорасында 106 тұқымдасқа жатқызылатын гүлді өсімдіктердің 1300 – ге жуық түрі, олардың ішінде күрделі гүлді (220), атбас бұршақты (139), астық тұқымдас (118), көкпек (113), зиягүл (104) түрлері бар.

21. БҚО-ның экологиясы. Экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.

БҚО-ның экологиясымен таныстыру.

Оқушылардың экологиялық көзқарасын, санасын және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану барысында табиғатты қорғай алатын, аялай білетін, адамгершілігі мол, ізгілікті, экологиялық сауатты және мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу. Қоғамның қазіргі талабы-әрбір адамның экологиялық сауатты, мәдениетті болуы. Қажеттілік оқушылардың экологиялық сауатты болу мәселесін шешуді төменнен жоғарыға қарай жүргізілуін және оқу-тәрбие процесі барысында барлық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланумен байланысты. Сонда бесіктен бастап, ата-анаға дейін экологиялық тәрбие, мәдениет дағдысын қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

IV бөлім -Топография негізі және бағдарлау түрлері

22. Топографиялық карта, топографиялық белгілер

Топографияны білу-әр туристің міндеті, ол уақыт пен анықтауға қажет. Мектеп алаңы, ауданы және жақын жердегі нүктелер. Мектеп, кабинеттер, мектеп ауласы, мектепке жақын көшелердің аттары, мекемелер, тарихи орындар т.б шағынауданның жоспар-сызбасын шартты белгілермен белгілеу. Мектеп ауданында экскурсия жасау, түрлі құрлыстарды картаға түсіріп отыру.

23. Түсбағдар және оның құрлымы. Түсбағдармен, картамен бағдарлау.

Түсбағдар құрлымы және оның жұмысы. Түсбағдардың түрлері. Түсбағдармен картаны бағыттау. Азимутты анықтау.

24. Жергілікті жерді бағдарлау. Спорттық бағдарлау.

Жергілікті жерді бағдарлау. Спорттық картамен таныстыру. Спорттық бағдарлау жарыстарына қатысу. Замануи құралдармен жұмыс жасау.

Бағдарлау және туристік карталармен жұмыс: Бағыт табу – жер жақтарын анықтап, таныс емес жерлермен жүріп және белгіленген пунктке шығу. Компас, ай, күн, жұлдыздар жергілікті заттар бойынша бағыт табуға болады. Көлденен күйінде компас тілінің солтүстік ұшы 0 градуспен сәйкесті және С әрпін көрсетеді. Қай картаның үсті болмаса да – солтүстік картадағы және жердегі бейнені бірлестіру, әсіресе жол бағытымен. Жергілікті заттар таста мүк және қына солтүстік жақтан пайда болады.

25. Экскурсиялық бағдарлау туралы түсінік.

Шағын аудандағы мектептегі, қаладағы тарихи, архитектура, мәдениет ескерткіштері. Аңыз бойынша жоспарлы нысандарда іздеу бағытының қозғалысымен көшеден өту ережелерін сақтай отырып ұымдастыру.

26. ҰОС-ғы жылдарындағы Батыс Қазақстан. Батыс Қазақстан-Сталинград майданының жақын тылы.

Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі совет халқының қаһармандық ерлігі жан-жақты және сан-салалы. 1942 жылы 22 қазанында Сталинград майданының тылдық шекарасы мынадай еді. Оң жақ қанаты-Дон майданымен, орал қаласы-Орбық, Быково, Дубовна, Вертячий селоларымен, солдан –Атырау, Астрахань қалаларымен, Ұзынкөл, Муасәлжі станцияларымен, майдан тылы-Орал қаласы, Жайық өзенінің оң жақ сағасы, Атырау облысының шекарасымен шектелді. Сталинград майданына- Орал –Орбық –Красный Кут–Верхний Басқұншақ – Паромная темір жол станциялары арқылы жүк тасылды.

Батыс Қазақстандардың майдан мен тылдағы қажырлы ерлігі жауды талқандауға өзінің қомақты үлесін қосты. Олардың көпшілігі Советтер одағының ордендері мен медальдарымен марапатталды.

27. Батыс Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары.

ҰОС жылдарында Орал өңірінің 39 жауынгері Кеңес одағының батыры, ал 6 жауынгер жерлесіміз Даңқ орденінің толық иегерлері атанды. Ұлы Отан соғысына қатысқан БҚО-ның қазақ қыздары. Ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізу. Оқушылардың отбасындағы жауынгер аталары туралы деректер жинақтау.

28. Батыстың батыр қыздары. (М.Мәметова атынд. музей-үйіне экскурсия).

Тарих сахнасында ғасырлар бойы азаттық үшін аттан түспеген, халқын жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша жауға қарсы тұра білген небір батырлармен арыстардың болғаны белгілі. Солардың қатарында батырлығымен әлемді таңқалдырған қазақ батыр қыздарының есімдері де ескерусіз қалған жоқ. Ұмай ана, Томирис, Ай-қаған, Гүлайым, Айша бибі, Ботагөз, Әлия, Мәншүк, Хиуаз сияқты аяулы қыздарының есімін халқымыз мәңгі ардақ тұтады. Қазақ даласында миллион жыл бұрын белгі қалдырған адамдар тіршілігі бір сәт үзілместен бүгінгі өмірмен жалғасып жатыр. Жусан иісі аңқыған қазақтың кен даласында халықтың терең жадында сақталмақ. Әлия мен Мәншүк және Хиуаз есімдерін ұлттық мақтанышқа айналдырып ұлттық өнегінің өшпес жәдігері деп танитын, ұрпақтан ұрпақтарға жалғасын табады.

29. Тарихи ескерткіштерді оқып -тану. Қала көшелерінің тарихы.

"Көне Орал" қала ішіне экскурсия ұйымдастыру

VI бөлім -Қорытындылау

30. Туған өлке маршруттары. БҚО бойынша маршруттар құрастыру. Батыс Қазақстанның киелі орындары.

БҚО-сы бойынша тарихи-өлкетанулық маршруттар құрастыру және картасын сызу.

Батыс Қазақстанның киелі орындары: Жайық (Теке) қаласы, «Бөкей Ордасы» тарихи музей-кешені, Тақсай қорған кешені, Жұмағазы хазірет, Ғұмар Қараш зираты кіреді. **Орта ғасырлық Жайық қалашығы** Халық арасында Ысқырық тау аталып кеткен аумақта орналасқан орта ғасырлық Жайық (бұрын Теке) қалашығы Орал қаласының іргесінде орналасқан. 2013 жылы қалашықтың қорымы

орналасқан Желтаудың үстінде №1 қазба жұмыстары жүргізілді. **Бөкей ордасы тарихи-музей кешені** Орда ауылындағы Жәңгір хан көшесінде орналасқан. Музейдің тарихы ХІХ ғасырдан сыр шертеді. Тарихи деректерге сенсек, Жәңгір хан 1828 жылы өз үйінің бір бөлмесіне хан әулетінің атадан балаға ауысар мұрасы саналатын құнды жәдігер, ат әбзелдері мен жауынгер қару-жарағын жинастырып, алғаш рет қару-жарақ палатасын ұйымдастырған екен. Тарихта тіпті бұл – қазақ жерінде ашылған тұңғыш музей деп те жүр.

Тақсай қорған кешені Теректі ауданына қарасты Долинный ауылы маңында орналасқан. 2011 жылы археологтар «Тақсай-1» қорған кешенінде жүргізген қазба жұмыстардың нәтижесінде ағаш бөренемен жабулы жерлеу орнын тапқан еді. 500-ге жуық әшекей бұйымға көмкерілген, жас шамасы 20 келетін әйел адамның мүрдесі табылған болатын. Қасынан төрт аттың жүгені қазылып алынған болатын. Шығыс жақ қабырғасына қарай жерленген әйел адамның қабірі оңтүстікке қарай жерленіпті.

Жұмағазы хазірет Орал қаласынан Жымпиты ауылына қарай 80 шақырымдай жерде әулие Жұмағазы хазірет қорымы бар. Халық арасында «Дәдем ата» атанып кеткен Жұмағазы хазірет Тәңкеұлы ХІХ ғасырда өмір сүрген дін ғұламасы. Таңатар Төлеуғалиев атты автор «Астана ақшамы» газетіне жазған «Дәдем ата – Жұмағазы хазірет зираты» атты мақаласында: «Жұмағазы хазіреттің қай жылы дүние есігін ашқаны туралы нақты деректер жоқ.

Ғұмар Қараш зираты Алаш атты орда құрып шалқығанын, Бақ – дәулеті туып, өсіп балқығанын, Әрбір істе қазақ исі аңқығанын Тірлікте көзімізбен көреміз бе?,- деп жырлаған Ғұмар Қараш – өткен ғасырдың 20-30 жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың жазықсыз құрбаны ретінде жазаға ұшырап, кейін ақталған қазақ интеллигенциясы қайраткерлері қатарындағы ірі тұлғалардың бірі, қоғам және саясат қайраткері, шығармашылықтың ірі өкілі

Жымпиты – батыс Алашорданың орталығы «Ойыл Уәлаятының Уақытша үкіметі» атты «Қазақ тарихы» басылымына шыққан мақалада: «Алашорда үкіметіне өте күрделі жағдайда қызмет атқаруына тура келді. 1918 жылдың көктеміне қарай Ресейде Азамат соғысы мен шетел интервенциясы басталды. Қазақ даласын да қамтыған Азамат соғысы салдарынан 1918 жылы Алашорда үкіметінің Батыс және Шығыс бөлімдері құрылады. Батыс Алашорданың орталығы Жымпиты ауылында (қазіргі Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданының орталығы — С.Д.) орналасып, оған Жаһанша Досмұхамедов жетекшілік жасады.

31. Іздестіру-зерттеу жұмыстарының презентациясын ұсыну.

Оқушылар жыл басында берілген тапсырмалар бойынша іздестіру-зерттеу жұмыстарын ұсынады.

32. Жорыққа дайындық жұмыстары.

Жорық саяхатқа дайындық: Саяхатқа әзірлік жоспар құру. Саяхатқа баратын ауданымен таныс болу. Әдебиеттермен карталарды іріктеу, значоктар, туризмнен жасөспірімдер спорттық разрядтар нормаларын жинақтау. Жорық ұзақтығын есептеу, шығын сметасын құру, жеке және топтық құралдарды жинақтау. Топтағы

міндеттемелерге бөлу. Жәрежелік саяхатқа дайындық жоспарын әзірлеу. Ауа райымен танысу. Киіну ережелерін мұқият қадағалау. Жетекші маманнан ақыл-кенес алу.

33. Жорыққа шығу. Жорық есебін жазу. Үйірме жұмысын қорытындылау.

Белгіленген маршрут бойынша 1 күндік жорық ұйымдастыру. Бақылаулар бойынша жорық есебін жазу. Жыл бойы жасалған жұмысты қорытындылап, бейнеролик жасақтау.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Артықбаев Ж, Прманов А, История Казахстана Алматы «Атамұра» 2013ж;
2. Абдрахманов С.Ә, «Атамекен» географиялық энциклопедиясы, Алматы- 2011ж;
3. Бардин К.В. Азбука туризма. Пособие для руководителей туристских походов в школе.- М., «Просвещение», 1973 ж;
4. Байғалиев Б, «Абай өмірбаяны архив деректерінде», Алматы-2001ж;
5. Байпақов К.М., Танабаева С.И. Сдықов М.Н. «Батыс Қазақстан археологиялық қазыналары», Алматы 2001ж;
6. Боранбаева Б.С. «Ұлы Отан соғысына қатысқан БҚО-ның қазақ қыздары» Орал 2005ж;
7. Даринский А «Краеведение» , «Просвещение» 1987 ж;
8. Ж.Жақсығалиев «Өлкетану», Арман баспасы-2018 ж;
9. Жиздыбаев Т.К. Школьный туризм и краеведение РК. – Алматы, 2001 ж;
10. Жиздыбаев Т.К., «Советы начинающим туристам», Орал-2004 ж;
11. Константинов Ю.С. «Туризм и краеведение», М -ОАО «Издательство» 2005 ж;
12. Куликов В.М. , Константинов Ю.С. «Топография и ориентирование в туристском путешествии»;
13. Куликов В.М., Константинов Ю.С. Топография и ориентирование в туристском путешествии.- М., 1997ж;
14. Кенжеахметұлы С «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет -ғұрыптары», «Атамұра-2013ж»;
15. Куликов В.М., Ротштейн Л.М. Школа туристских вожаков: Учеб.- метод. пособие- М.: Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС», 1999 ж;
16. Қайырлиева Қ.Қ. «Менің Отаным - Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясы шеңберінде «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда өлкетанулық қызметті ұйымдастыру» бағдарламасы (Хаттама №1, 7 наурыз 2017 жыл);
17. Қазақстан тарихы энциклопедиясы анықтамалық, Алматы 2010ж;
18. К.А.Ли, В.П. Фомин «Путеводитель Приуралья», Орал қ,1991 ж;
19. Методическое пособие «Социализация детей с ограниченными возможностями здоровья с помощью занятий туризмом и краеведением». Министерство образования Республика Башкортостан, Уфа – 2010г.
20. Мазбаев О.Б. Туризм және өлкетану негіздері: Оқу құралдары /О.Б. Мазбаев,
21. Г.Е. Москалев, А.Г. Таранов «Природа Уральской области» , Саратов 1979 ж;
22. Рысбеков Т.З. Бірімжаров Б.Қ. «БҚО-ның тарихы», Орал 2001ж;
23. Смирнов Д.В. Балаларға қабілетін ұйымдастыру бағдарламалық –әдістемелік денсаулықты жақсарту-танымдық туризм жинағы, Түркістан-2018 ж;
24. Сулейменова Д. Д. «Батыс Алашорда арыстары», Астана -2017 ж;
25. Сулейменов С.Х. , Сулейменова Д.Д. «Ардагер ағалар», Орал-2015 ж; 28. Сдықов М.Н. «БҚО скиф қазыналары», Орал 2003ж;
26. Тоғысбаев Б., Сужикова А. «Тарихи тұлғалар» Алматы кітап баспасы Б.Н. Атейбеков, Б.К. Асубаев.- Алматы: Каз ҰПУ, 2006 ж;
27. Программы «Юные туристы - краеведы», М-ФЦДЮТиК 2006 г;
28. Путеводитель Западно Казахстанская область-2017;
29. Остапец А.А. «Турист-іздесушілер жорықта» , Орал 2009 ж.